

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Төрағасының м.а. 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 108 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 25 сәуірде № 13627 болып тіркелді.

БҰЙЫРДЫМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Мемлекеттік орман қоры участекеріндегі сексеуіл екпелерінде кесуге тыйым салу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының 2015 жылғы 13 тамыздағы № 211 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12057 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 қазанды "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры участекеріндегі сексеуіл екпелерінде ағаш кесудің барлық түріне (өтімді қоқырсуды жинаудан басқа) 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін тыйым салынсын.";

2) "Мемлекеттік орман қоры участекерінде ағаш кесудің барлық түріне тыйым салу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының міндеттін атқарушының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 319 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12858 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 қантарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. "Ертіс орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты республикалық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік орман қоры участекеріндегі екпелерде ағаш кесудің барлық түріне (өтімді қоқырсуды жинаудан басқа) осы Бұйрық қолданысқа енгізілген күннен бастап 2018 жылғы 1 қантарға дейін тыйым салынсын."

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар басқармасы белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелуге Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін бес жұмыс күні ішінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауди шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ол алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Орман шаруашылығы және

жануарлар дүниесі комитеті

төрагасының міндеттін атқарушы

Қ. Үстеміров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК